

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ
METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

XFTAP 16.01.09

DOI:[10.59102/kufil/2026/iss1pp298-312](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp298-312)

Ж.Д. Калыбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050040, Қазақстан

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БҮГІНГІ ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік жүйесі тарихи-педагогикалық тұрғыдан талданып, оның қазіргі бастауыш білім беру бағдарламаларымен ғылыми-әдістемелік сабақтастығы анықталады. Қазіргібілім беру жүйесінде оқу сауаттылығын дамытуға қойылатын талаптардың күшеюі бұл мәселенің өзектілігін айқындайды. Зерттеу барысында ғалымның «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Баяншы» еңбектеріндегі дыбыстық әдіс, буындап оқыту, мәтінді мағыналық деңгейде меңгерту, оқушының жас ерекшелігін ескере отырып оқу материалын кезең-кезеңімен күрделендіру сияқты негізгі педагогикалық қағидалары қарастырылды.

Байтұрсынұлы ұсынған дыбыс–буын–сөз–мәтін–мағына сатыларына негізделген оқыту моделі қазіргі фонетикалық оқыту әдістерімен (phonics), түсініп оқу стратегияларымен және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған халықаралық стандарттармен (PISA, PIRLS) салыстырылып, олардың әдіснамалық ұқсастығы айқындалды. Мақалада сондай-ақ жас ерекшелігіне сай тапсырмаларды ұйымдастыру, мәтінді талдау, логикалық ойлауды дамыту және тілдік дағдыларды кешенді қалыптастыру принциптері бүгінгі жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымымен және оның спиральді тәсілімен өзара байланыста қарастырылды.

Зерттеуде тарихи-педагогикалық талдау, салыстырмалы талдау, контент-талдау және ғылыми жүйелеу әдістері қолданылып, Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасының қазіргі білім беру тәжірибесіндегі орны мен тиімділігі ғылыми дәлелмен көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығына қатысты көзқарастарының заманауи педагогикалық талаптармен толық үйлесетіндігін және оның еңбектері функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған қазіргі бастауыш білім беру бағдарламасының теориялық негіздерінің бірі болып табылатындығын дәлелдейді. Алынған тұжырымдарды бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік даярлығында және оқу бағдарламаларын жетілдіру үдерісінде қолдануға болады.

Кілт сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, оқу сауаттылығы, дыбыстық әдіс, мәтін арқылы оқу, бастауыш мектеп, функционалдық сауаттылық, педагогикалық мұра.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы ғылыми зерттеу Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық және әдістемелік мұрасын оқу сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде қарастырады. Зерттеудің тұғырнамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың оқу

сауаттылығы, түсініп оқу, функционалдық сауаттылық және сатылы оқыту теорияларына арналған іргелі еңбектері құрайды.

Зерттеуде автор төмендегідей негізгі ғылыми бағыттар мен тәсілдерге сүйенеді:

1. Оқу сауаттылығының сатылы моделі. Зерттеудің негізгі теориялық тірегі — Байтұрсынұлы ұсынған дыбыс–буын–сөз–мәтін–мағына сатыларына негізделген оқыту моделі. Бұл модель оқушының оқу әрекетін қарапайым тілдік бірліктерден бастап, мағыналық деңгейге дейін бірізді дамытуға бағытталған кешенді жүйе ретінде қарастырылады.

2. Түсініп оқу және мәтін арқылы оқыту концепциясы. Зерттеу Байтұрсынұлының механикалық оқуға қарсы ұстанымын және мәтінді мағыналық тұрғыдан меңгеруді басты мақсат еткен көзқарасын қазіргі оқу сауаттылығы теорияларымен (С. Snow, Т. Rasinski, J. Bruner) салыстыра отырып талдайды. Мәтінмен жұмыс, негізгі ойды анықтау, логикалық қорытынды жасау оқудың өзекті компоненттері ретінде қарастырылады.

3. Жас ерекшелігіне сай оқыту және дидактикалық жүйелілік. Оқу материалын жеңілден күрделіге қарай ұйымдастыру, оқушының психологиялық және когнитивтік даму деңгейін ескеру қағидалары зерттеудің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл ұстаным Байтұрсынұлы әдістемесінің қазіргі спиральді оқыту моделдерімен сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

4. Функционалдық сауаттылық және халықаралық стандарттармен сабақтастық. Зерттеу нәтижелері Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығына қатысты идеялары қазіргі функционалдық сауаттылық тұжырымдамасымен және халықаралық зерттеулердің (PISA, PIRLS) талаптарымен әдіснамалық тұрғыдан үйлесетіндігін көрсетеді. Оқушының мәтінді түсінуі, ақпаратты талдауы және қолдана алуы негізгі бағалау өлшемдері ретінде қарастырылады.

5. Интегративті және салыстырмалы тәсіл. Зерттеу барысында Байтұрсынұлы әдістемесі қазіргі Қазақстандағы жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламаларымен салыстырылып, олардың мазмұндық және құрылымдық сабақтастығы айқындалады. Бұл тәсіл ұлттық педагогикалық мұраның заманауи білім беру кеңістігіндегі орнын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеудің негізгі ережелері Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған педагогикалық мұрасын қазіргі білім беру талаптарымен өзара байланыста қарастырып, оны бастауыш білім мазмұнын жетілдірудің теориялық негіздерінің бірі ретінде дәлелдеуге бағытталған.

КІРІСПЕ

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуының негізгі теориялық және әдістемелік негізін құрайды [1]. Оның еңбектері тек тіл үйрету немесе сауат ашумен шектелмей, оқу процесін жүйелеу, оқушының жас ерекшелігін ескеру, тілдік дағды мен ойлау қабілетін дамыту сияқты кешенді міндеттерді қамтиды [2]

Байтұрсынұлының еңбектері — «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Баяншы» — оқушының оқу сауаттылығын кезең-кезеңімен қалыптастыруға арналған біртұтас жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін. «Әліппе» бастапқы сауат ашу процесін ұйымдастырса [3], «Оқу құралы» оқушының мәтінді түсініп оқуын және ойлау дағдысын дамытуға бағытталды [4]. «Тіл-құрал» тіл білімін тереңдетіп, грамматика мен морфологияны жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік берсе [5], «Баяншы» мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық ретінде оқыту үрдісін ұйымдастыруға көмектесті [6].

Ғалымның педагогикалық мұрасы үш негізгі ерекшелікке ие:

➤ Ұлттық тілге негізделген әдістемелік жүйе — қазақ тілінің табиғатын, дыбыстық ерекшеліктерін және сөз құрылысын оқытуда ескеру.

➤ Ғылыми негізделген дидактика — әрбір оқыту әдісі психологиялық және лингвистикалық зерттеулерге сүйенген.

➤ Оқушыны дамытатын жүйе — оқу процесі оқушының жас ерекшелігіне, когнитивтік деңгейіне және оқу мотивациясына сәйкес ұйымдастырылған [7].

Осы ерекшеліктердің арқасында Байтұрсынұлы мұрасы қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу сауаттылығын қалыптастыру мен функционалдық оқуды дамыту концепцияларымен үндеседі.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасының негізгі мақсаты — оқушының оқу сауаттылығын жүйелі қалыптастыру. Мұнда «сауат ашу» үрдісі тек әріп тану немесе механикалық оқу емес, оқу процесінің толық логикалық құрылымы ретінде қарастырылады. Ғалым бұл үрдісті ұйымдастыруда бірнеше негізгі қағидаларды айқындады:

Дыбыстық әдіс. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқытудың ғылыми тұрғыдан негізделген тәсілі ретінде дыбыстық әдісті енгізді. Ол әріптен бұрын дыбысты меңгертуге, буынды дұрыс айта білуге, сөздерді дыбыстап оқу арқылы түсінуге басымдық берді [4]. Бұл тәсіл оқушының тілдік дағдысын бастапқы кезеңнен тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді және қазіргі заманғы phonics немесе фонетикалық оқыту әдістерімен үндеседі [8].

Оқуды түсініп оқу және мәтінді талдау. Ғалым механикалық оқуға қарсы болды. «Оқу құралы» мен «Тіл-құрал» еңбектерінде мәтінді түсініп оқу, негізгі ойды анықтау, сұрақ-жауап арқылы талдау жасау әдістері ұсынылған [5]. Бұл тәсіл оқушының тек оқып қана қоймай, мазмұнды талдап, логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастырады [9]. Сонымен қатар мәтінді талдау жаттығулары баланың сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Жас ерекшелігіне сай материал беру. Байтұрсынұлы оқу материалын оқушының психологиялық даму деңгейіне сай ұйымдастырды. Кіші сынып оқушыларына қарапайым, күнделікті өмірден алынған мәтіндер ұсынылса, жоғары сыныптарға арналған материалдардың күрделілігі артып, теориялық және тілдік құрылымдарды терең меңгеруге бағытталды [3]. Бұл қағида оқытуды жеке даралау және білім беру үрдісін тиімді етуге мүмкіндік береді.

«Сауат ашу» үрдісі Байтұрсынұлы мұрасында педагогикалық мұрадан табиғи жалғасып, дыбыстық әдіс, мәтінді түсініп оқу және жас ерекшелігіне сай материал беру қағидалары арқылы жүйеленген. Бұл қағидалар қазіргі функционалдық сауаттылыққа бағытталған оқу бағдарламаларының негізгі принциптерімен үндеседі.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы мен «сауат ашу» қағидалары қазақ мектебіне арналған ғылыми негізделген оқыту моделінің құрылымын анықтады. Бұл модель оқу процесін жүйелі ұйымдастыруға, тілдік дағдылар мен ойлау қабілеттерін қатар дамытуға бағытталған. Модельдің негізгі ерекшеліктері төмендегідей:

Тіл білімін жүйелеу - «Тіл-құрал» еңбегінде Байтұрсынұлы қазақ тілін оқытуда фонетика, морфология, синтаксис сияқты тілдік деңгейлерді кезең-кезеңімен меңгертуге назар аударды. Бұл тәсіл оқушының тілдік құрылымды түсінуін қамтамасыз етіп, қазіргі бағдарламалардағы спиральдік оқыту принципіне ұқсас логикалық жүйені қалыптастырады [10].

Материалды жеңілден күрделіге ұйымдастыру - Оқу материалын оқушының когнитивтік деңгейіне қарай күрделілігі артатын принциппен беру Байтұрсынұлы моделінің маңызды элементі болды. Бастапқы кезеңде нақты, тәжірибеден алынған мәтіндер ұсынылып, кейінгі кезеңде абстрактылы теориялық материалдар енгізілді [7]. Бұл принцип қазіргі бастауыш мектептің білім беру бағдарламаларында жас ерекшелігіне сай оқыту қағидасымен үйлеседі.

Практикалық дағдыға бағытталған оқыту - Байтұрсынұлы грамматика мен жазылымды тек жаттап алу емес, қолдану арқылы меңгерту тәсілін ұсынды. Оның жаттығулары оқушыны мәтін талдауға, ойды нақты тұжырымдауға, сөздік қорын байытуға бағыттайды [11]. Бұл оқыту моделі қазіргі білім беру стандарттарындағы функционалдық сауаттылық пен тілдік құзыреттілікті дамыту қағидаларына сәйкес келеді.

Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестік - Ғалым моделі оқушының тек пассивті қабылдаушы емес, белсенді қатысушы болуын талап етеді. Мұғалім нұсқаушы ғана

емес, оқушыға бағыт беруші ретінде әрекет етеді. Бұл принцип қазіргі коммуникативтік және интерактивті оқыту әдістерімен үндеседі.

XXI ғасырда оқу сауаттылығы – функционалдық, ақпараттық және сыни ойлау дағдыларын қамтитын кешенді құзыреттілікке айналды. PISA (Programme for International Student Assessment), PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) сияқты халықаралық зерттеулерде оқу сауаттылығы – басты бағалау индикаторы. Осы тұрғыдан алғанда, Байтұрсынұлы жасаған әдістемелік негіздер қазіргі білім беру реформаларындағы «түсініп оқу», «мәтінмен жұмыс», «тілдік дағдыларды кешенді дамыту» сияқты талаптармен сабақтасып, өзектілігін жоғалтпай отыр. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі оқу сауаттылығын қалыптастыру тәсілдерін талдау және оны қазіргі оқу бағдарламасымен салыстыру – педагогика ғылымы үшін маңызды ғылыми-тәжірибелік міндет.

Зерттеудің мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған әдістерін анықтау, жүйелеу және олардың қазіргі бастауыш білім беру бағдарламасымен сабақтастығын көрсету.

Зерттеу міндеттері:

1. Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту және әдістемелік еңбектерін талдау.
2. Сауат ашу мен оқу дағдыларын қалыптастыруда ұсынған негізгі әдіс-тәсілдерін айқындау.
3. Қазіргі оқу бағдарламасындағы оқу сауаттылығы талаптарымен салыстыру.
4. Сабақтастықты дәлелдейтін нақты әдістемелік ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы оқу сауаттылығын қалыптастырудың әмбебап моделі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы жүйесінің әдіснамалық негіздерін қазіргі халықаралық оқу теорияларымен салыстыруда айқындалады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Бұл жұмыста Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасын қазіргі оқу бағдарламаларымен сабақтастыру және оның оқу сауаттылығын қалыптастырудағы рөлін зерттеу үшін бірнеше ғылыми әдіс қолданылды.

1. Тарихи-педагогикалық талдау – ғалым еңбектерін тарихи контекстте қарастырып, қазақ мектебіндегі оқу сауаттылығын қалыптастыру тәжірибесін зерттеу үшін қолданылды (Байтұрсынұлы, 1912; 1925).
2. Салыстырмалы талдау – Байтұрсынұлы әдістерін қазіргі Қазақстан бастауыш мектеп бағдарламалары мен авторлық оқулықтардағы талаптармен салыстыру арқылы олардың сабақтастығы мен өзектілігі анықталды.
3. Контент-талдау – «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл-құрал» және «Баяншы» еңбектеріндегі әдістемелік қағидалар мен принциптер мазмұндық тұрғыда талданып, негізгі педагогикалық идеялар жүйеленді.

Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеудің теориялық және практикалық негізін, Байтұрсынұлы педагогикасының қазіргі білім беру контекстінде қолданысын нақты дәлелдеді.

НӘТИЖЕЛЕР

Ахмет Байтұрсынұлының ғылым негізіндегі оқыту моделі — қазақ мектебінің ерекшелігіне сай, оқушының тілдік, когнитивтік және практикалық дағдыларын қатар дамытуға бағытталған кешенді жүйе. Ол педагогикалық мұра мен «сауат ашу» қағидаларының жалғасуы ретінде қарастырылып, қазіргі оқу бағдарламалары мен функционалдық сауаттылықты дамыту концепцияларымен сабақтасады.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қазақ мектебінде оқу сауаттылығын қалыптастырудың негізгі әдістемелік көздері болып табылады. Бұл еңбектер тек әріп үйрету немесе мәтін оқыту деңгейімен шектелмей, оқушының когнитивтік, тілдік және ойлау дағдыларын жүйелі түрде дамытуға бағытталған. Әр еңбек белгілі бір деңгей мен мақсатқа сәйкес ерекшеленеді (1-кесте).

1 кесте - «Оқу құралы», «Әліппе», «Тіл-құрал», «Баяншы» еңбектерінің мазмұндық ерекшелігі

Еңбек атауы	Мазмұндық сипаттамасы	Негізгі ерекшелігі / оқу сауаттылығын қалыптастырудағы ролі
«Әліппе»[3]	Бастауыш сауат ашу құралдары. Әліппелік, фонетикалық принциптерге негізделген.	Оқушыға әріптермен дыбыстарды меңгерту; дыбыстық әдісті қолдану арқылы алғашқы оқу дағдыларын қалыптастыру.
«Оқу құралы» [4]	Сөздік қор мен қарапайым мәтіндерді қамтиды. Мәтіндерді түсініп оқу, қысқа әңгімелер арқылы ойлау дағдысын дамыту.	Мәтіндік түсінік пен логикалық ойлауды дамытуға бағытталған; оқуды тек механикалық емес, мағыналық тұрғыдан меңгерту.
«Тіл-құрал» [5]	Қазақ тілінің грамматикасы, морфологиясы, синтаксисі. Жазылым мен сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар.	Тілдік құрылымды жүйелі меңгерту; оқушының тілдік сауаттылығын тереңдету.
«Баяншы» [6]	Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық; сабақ жоспарлары, тапсырмалар, мәтіндік жаттығулар.	Мұғалімге оқу процесін ұйымдастыруға көмек береді; оқушының сауаттылығын кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері бір-бірімен логикалық сабақтасып, оқушының оқу сауаттылығын кезең-кезеңімен қалыптастыруға арналған. «Әліппе» арқылы бастапқы оқу дағдылары берілсе, «Оқу құралы» оқушының мәтін арқылы ойлау қабілетін дамытады. «Тіл-құрал» грамматика мен жазылымға бағытталған жүйелі тапсырмаларды ұсынады, ал «Баяншы» мұғалімге әдістемелік қолдау көрсетеді. Бұл жүйе қазіргі бастауыш сыныптағы оқу сауаттылығын қалыптастыру бағдарламаларының негізгі принциптерімен үндеседі [1].

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасының негізгі жаңалығы – қазақ тілін оқытуды әріптен емес, алдымен дыбыс негізінде меңгертуге бағытталған дыбыстық әдістемелік жүйе [4]. Бұл жүйе оқушының алғашқы оқу дағдыларын тұрақты қалыптастыруға мүмкіндік береді, өйткені әр дыбысқа жеке назар аудару, буынды дұрыс айту және мәтінді түсініп оқу қатар жүреді [8]. Яғни дыбыстық әдіс оқушыны механикалық жаттығудан шығарып, оқу процесін логикалық түсінумен байланыстырады, бұл қазіргі phonics әдісімен үндеседі [1].


Дыбыстық әдістемеден кейінгі кезеңде Байтұрсынұлы мәтін арқылы оқыту тәсілін дамытты. Бұл тәсіл оқушының тек оқып қана қоймай, мәтіннің негізгі идеясын түсіну, логикалық ойлау қабілетін дамыту және сөйлеу дағдыларын жетілдіруіне бағытталған. Мәтінді талдау, сұрақ-жауап және қорытынды жасау әдістері оқушыны өз ойын нақты тұжырымдауға үйретеді [9]. Осылайша, дыбыстық әдістеме мен мәтіндік оқу бір-бірімен сабақтасып, оқушының оқу сауаттылығын кезең-кезеңімен қалыптастырады.

Сонымен қатар Байтұрсынұлы оқытуда жас ерекшелігіне қарай материал беру принципін енгізді. Бастауыш сыныпта қарапайым мәтіндер мен дыбыстық жаттығулар, ал кейінгі сыныптарда күрделі грамматикалық және мәтіндік тапсырмалар ұсынылды [3]. Мұндай кезең-кезеңімен күрделенетін құрылым оқушының когнитивтік деңгейін ескеріп, оқу үрдісін жүйелі және нәтижелі етеді [7].

Осылайша, дыбыстық әдістеме, мәтін арқылы оқу және жас ерекшелігіне сай материал беру принциптері біртұтас жүйе ретінде қазақ мектебінде оқу сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе Байтұрсынұлы еңбектеріндегі педагогикалық мұраның негізгі құндылығы болып табылады және қазіргі білім беру бағдарламаларындағы функционалдық сауаттылықты дамыту принциптерімен сабақтасады.

Ғалымның әдістемесі қазіргі функционалдық сауаттылықты дамыту мен оқушылардың оқу дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруда ғылыми негіз ретінде қызмет етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған дыбыс–буын–сөз–мәтін–мағына жүйесі қазақ тілін оқытудағы сатылы әрі ғылыми негізделген оқу моделінің өзегін құрайды (Сурет 1).



Сурет 1. Қазақ тілін оқыту моделі

Бұл модель оқу әрекетін ең қарапайым тілдік бірліктен — дыбыстан бастау арқылы оқушыны біртіндеп буын, сөз, мәтін және мағына деңгейіне жеткізуді мақсат етеді. Мұндай сатылы құрылым қазіргі Қазақстандағы жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасының негізгі принциптерімен толық үйлеседі және оқушының оқу сауаттылығын жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Байтұрсынұлы жүйесінің бірінші сатысы — дыбыс. Ғалым оқу процесін дыбыстан бастау оқу дағдысының дұрыс қалыптасуына, фонетикалық талдауға және фонологиялық естудің жетілуіне негіз болатынын атап көрсетті. Қазіргі бастауыш білім бағдарламасында да дәл осы тәсіл сақталған: phonics элементтеріне негізделген дыбыстық талдау, дыбысты дұрыс айту, дыбысты ажырату, әріп пен дыбыстың байланысын түсіну міндеттері оқу мақсаттары ретінде белгіленген. Бұл Байтұрсынұлы көзқарасының қазіргі фонетикалық оқыту технологияларымен үйлесімділігін дәлелдейді.

Екінші саты — буын. Қазақ тіліндегі сөздің буынға негізделетін табиғатын Байтұрсынұлы ерекше атап өтіп, буындап оқыту әдісін ең тиімді тәсілдердің бірі ретінде жіктеді. Бүгінгі оқу бағдарламаларында да буындап оқу, буын түрлерін ажырату, сөзді буынға бөліп оқу — бастапқы сыныптарда міндетті тілдік дағдылардың бірі. Бұл қазақ тілінің фонетикалық құрылымына сай оқытудың сабақтастығын көрсетеді.

Үшінші саты — сөз деңгейін меңгеру. Байтұрсынұлы сөзді тек техникалық оқу емес, оның мағынасын түсіну, жаңа сөздерді сөздік қорға енгізу, сөздің лексикалық мағынасы арқылы мәтінді терең қабылдау қажет екенін дәлелдеді. Қазіргі оқу бағдарламасы да сөздік қорды дамыту, жаңа сөздермен жұмыс, сөздің мағыналық өрісін ашу сияқты мақсаттарды басты талаптардың бірі ретінде қарастырады. Демек, Байтұрсынұлының сөз деңгейіндегі әдістемесі бүгінгі оқытудың мазмұнымен тікелей сәйкес келеді.

Төртінші саты — мәтін. Ғалым механикалық оқуға қарсы болып, мәтінді түсініп оқу, негізгі ойды табу, логикалық байланыстарды анықтау және мазмұнды талдау тәсілдерін қолдануды ұсынды. Қазіргі «Әдебиеттік оқу» пәнінің басты мақсаты да дәл осы — оқушының мәтінмен жұмыс істеу дағдысын дамыту, мәтіннің құрылымын, идеясын, оқиға желісін

анықтау. Бұл талаптар PISA, PIRLS сияқты халықаралық зерттеулерде бағаланатын оқу сауаттылығының негізгі компоненттерімен толығымен сәйкес келеді.

Бесінші және ең жоғары саты — мағына. Бұл деңгейде оқушы мәтінді тек оқып қана қоймай, ақпаратты талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, өмірмен байланыстырады. Қазіргі білім стандарты оқу нәтижесін дәл осы қабілет арқылы бағалайды: оқушының ақпаратты түсініп, шешім қабылдау, талдау, дәлелдеу, қолдану дағдылары функционалдық сауаттылық көрсеткіші болып табылады. Бұл Байтұрсынұлы жүйесінің заманауи педагогикада өзектілігін жоғалтпай, керісінше, халықаралық бағалау жүйелерімен үйлесім табатынын көрсетеді.

Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлының дыбыс–буын–сөз–мәтін–мағына жүйесі қазіргі оқу бағдарламасының құрылымы, мазмұны және оқу мақсаттарымен толық сабақтас (2-кесте). Ғалымның сатылы оқыту концепциясы жаңартылған білім мазмұнының ғылыми негізі болумен қатар, функционалдық сауаттылықты дамытудағы негізгі әдіснамалық тірек болып табылады.

2 кесте - Байтұрсынұлы жүйесі мен қазіргі оқу бағдарламасы арасындағы сабақтастық

Оқу сатысы	А.Байтұрсынұлы әдістемесі	Қазіргі оқу бағдарламасы	Сабақтастығы
Дыбыс	Оқытуды дыбыстан бастау; дыбыстық талдау	Phonics, дыбысты ажырату, әріп–дыбыс сәйкестігі	Фонетикалық жүйелілік толық сақталған
Буын	Буындап оқу; қазақ тіліндегі буынның рөлі	Буындап оқу, буын түрлерін анықтау	Қазақ тіліне тән буындық құрылымның беріктігі
Сөз	Сөздің мағынасын түсіну, сөздік қорды дамыту	Жаңа сөздермен жұмыс, сөз мағынасын анықтау	Мағыналық оқу дағдысының қалыптасуы
Мәтін	Мәтінді түсініп оқу, талдау, негізгі ойды табу	«Әдебиеттік оқу» пәні, мәтіндік талдау дағдылары	PISA/PIRLS талаптарымен үйлеседі
Мағына	Ой қорыту, логикалық түсіну, талдау	Функционалдық сауаттылық, ақпаратты қолдану	Жоғары деңгейлі когнитивтік дағдыларды дамыту

Осы аталған әдістемелік қағидалар Байтұрсынұлы жүйесінің тек тарихи маңызын ғана емес, оның қазіргі білім беру талаптарымен тікелей үндесетіндігін көрсетеді. Ғалым ұсынған сатылы оқыту моделі мен мағынаны түсінуге бағытталған тәсілдер бүгінгі оқу бағдарламаларында жаңаша форматта қайта көрініс тауып отыр. Сондықтан Байтұрсынұлы еңбектеріндегі теориялық негіздер қазіргі бастауыш білім мазмұнының құрылымымен табиғи түрде байланысып, функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған мемлекеттік стандарттармен тұтастықта қарастырылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстандағы қазіргі білім беру стандарттарында оқу сауаттылығын қалыптастыруға қойылған талаптар Байтұрсынұлы негізін қалаған әдістемелік ұстанымдармен сабақтас келеді. 2020–2024 жылдарға арналған ұлттық стандарттарда түсініп оқу, мәтінді талдау, ақпаратты қолдану, логикалық қорытынды жасау сияқты дағдылар оқытудың өзегі ретінде белгіленген [12]. Бұл дағдылар Байтұрсынұлының «оқу – түсіну арқылы жүзеге асатын танымдық процесс» деген қағидасымен барабар келеді.

Халықаралық зерттеулер (PISA, PIRLS) функционалдық сауаттылықты күшейту қажеттілігін көрсеткенімен, оның іргетасы қазақ бастауыш мектебінде XX ғасыр басында-ақ қаланған болатын. Байтұрсынұлы оқу әрекетін тек техникалық оқу емес, мағынаны ашу, ойды

түсіну және тілдік талдау ретінде сипаттап, бұл талаптар қазіргі оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарымен толық үндеседі [13].

Байтұрсынұлының дыбыстық әдісі мен қазіргі фонетикалық оқыту жүйесінің арасында тікелей жалғастық бар. Ғалым әр дыбысты жеке меңгерту, буын арқылы оқыту, дыбыс–буын–сөз–мәтін сатыларымен ілгерілеу принципін дәл ұсынған. Қазіргі «Қазақ тілі» пәніндегі фонетикалық жаттығулар, phonics элементтері және кезең-кезеңімен күрделенетін оқу тапсырмалары осы әдістеменің жаңартылған үлгісі болып табылады [12]. Демек, қазіргі стандарттарда фонологиялық естуді дамыту, дауысты-дауыссыз дыбыстарды ажырату және буындап оқу сияқты талаптардың ғылыми негізі Байтұрсынұлы әдістерімен тікелей байланысты.

Мәтіндік оқыту тәсілінде де осындай сабақтастық айқын байқалады. Байтұрсынұлы мәтінді оқытуды сөзді тану емес, мағынаны ашу мен ойлауды дамыту құралы ретінде қарастырды. Қазіргі «Әдебиеттік оқу» пәніндегі негізгі идеяны анықтау, оқиға желісін талдау, мәтіндер арасында байланыс орнату, қорытынды жасау сияқты оқу мақсаттары – сол мәтіндік әдістің функционалдық сауаттылық форматында дамуы [14]. Сонымен қатар, оқушыны жеңілден күрделіге меңгерту принципі қазіргі оқу бағдарламаларының спиральді құрылымымен сай келеді [7].

Байтұрсынұлының жас ерекшелігіне сай оқыту концепциясы да бүгінгі мемлекеттік стандарттарда жүйелі түрде жалғасуда. Бірінші сыныптағы әріп тану, дыбыстық жаттығулар, қысқа мәтіндерден бастау алу және кейін күрделі талдау тапсырмаларына көшу — Байтұрсынұлы ұсынған сатылы оқыту моделінің қазіргі вариациясы [7].

Цифрлық білім беру құралдары да осы әдістемелік мұраны жаңа форматта жүзеге асырып отыр. Интерактивті әліппелер, дыбыстық тренажерлер, мультимедиялық тапсырмалар — Байтұрсынұлының дыбыстық, буындық, мәтіндік тәсілдерін техникалық құралдар арқылы тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін ресурстар [8]. Олар оқушылардың дыбысты тануын, буындап оқуын және мәтінді түсінуін автоматты талдау арқылы бағалайды, бұл Байтұрсынұлының жүйелілік және түсініп оқу принциптерімен сәйкес келеді [1].

Сабақ жүргізу тәжірибесінде де осы сабақтастық нақты көрініс табады. Мұғалімдер дыбыстық және мәтіндік тәсілдерді қолданып, оқушылардың алғашқы оқу дағдыларын диагностикалайды, оқу процесін сатылы ұйымдастырады және мәтінмен жұмыс арқылы ойлауды дамытады. Зерттеулер мұндай тәсілдердің оқушының қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтетінін көрсетеді [15].

Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйесін ұлттық педагогикалық дәстүр аясында ғана емес, сонымен қатар оқу сауаттылығын арттыру әлемдік теорияларымен салыстыра отырып қарастырған жөн. Бұл тәсіл оның әдістемесінің эмбебап заңдылықтарын анықтауға және оның XX ғасырдың педагогикалық ойының жалпы дамуындағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемдік педагогикада оқу сауаттылығын арттырудың екі негізгі бағыты дәстүрлі түрде ерекшеленеді: аналитикалық және синтетикалық. Аналитикалық модельдерде оқыту дыбыс, буыннан бастап, сөз, мәтінге қарай жүзеге асады, ал синтетикалық модельдерде тұтас сөз немесе мәтін бастапқы бірлік болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі осы екі тәсілдің синтезі болып табылады: бір жағынан оқыту дыбыс пен буыннан басталады, екінші жағынан, түпкі мақсат мәтінді семантикалық деңгейде түсіну болып табылады. Осылайша, оқу техникалық дағды ретінде емес, мағыналы танымдық процесс ретінде қарастырылады.

Педагогикалық жүйеде Мария Монтессори оқуды үйрену баланың сенсорлық қабылдауына және тілдік материалмен белсенді өзара әрекеттесуіне негізделген. Әріп пен дыбыс көру, есту және моторлық әрекеттер арқылы сіңеді. Осыған ұқсас қағиданы Байтұрсынұлы әдістемесінде де байқауға болады, мұнда фонетикалық талдауға, дұрыс айтылуға және дыбыстан сөзге біртіндеп ауысуға басымдық беріледі. Екі жағдайда да оқу механикалық жаттау ретінде емес, оқушының белсенді әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасады.

Овид Декроли жүйесінде оқыту семантикалық тұтастық принципіне негізделген: мәтін баланың өмірлік тәжірибесінің көрінісі және қоршаған әлемді тану құралы ретінде қарастырылады. Осыған ұқсас тәсіл А.Байтұрсынұлының еңбектеріне де тән, мұнда оқуға арналған мәтіндер олардың тәрбиелік және танымдық мазмұнын ескере отырып таңдалады. Бұл тұрғыда оқу өзіндік мақсат емес, интеллектуалды және адамгершілік қасиеттерінің даму құралы болып табылады.

Джером Брунер жасаған спиральды оқыту тұжырымдамасымен де айтарлықтай ұқсастық анықталды. Осы теорияға сәйкес білімді игеру күрделіліктің жоғары деңгейінде бір мазмұнға бірнеше рет оралу арқылы жүзеге асырылады. Байтұрсынұлы әдістемесінде бұл қағида "дыбыс-буын - сөз-мәтін-мағына" кезеңдерінің дәйекті өтуі арқылы жүзеге асырылады, мұнда әрбір келесі деңгей қалыптасқан дағдыларға сүйенеді және сонымен бірге оларды кеңейтеді.

Мәдени-тарихи теория тұрғысынан Лев Выготский, оқуды үйрену ойлау мен сөйлеуді дамытумен тығыз байланысты. Оқу жоғары психикалық функцияларды қалыптастыратын әлеуметтік делдалдық процесс ретінде қарастырылады. Осыған ұқсас түсінік Байтұрсынұлының еңбектерінде де байқалады, ол оқу тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар талдау, салыстыру және жалпылау қабілетін дамытуы керек екенін атап өтті. Осылайша, оқу тұлғаның когнитивті даму құралы ретінде әрекет етеді.

Оқытудың конструктивтік теориялары аясында оқу жаңа мәтіннің оқырман білімімен өзара әрекеттесуіне негізделген мағынаны құру процесі ретінде түсіндіріледі. Байтұрсынұлы сонымен қатар механикалық оқуды жоққа шығарды және мәтінді мағыналы қабылдау, негізгі ойды бөліп көрсету және логикалық байланыстар орнату қажеттілігін талап етті. Бұл оның әдістемесін қазіргі когнитивті және конструктивтік оқу үлгілеріне жақын деп санауға мүмкіндік береді.

Типологиялық талдау көрсеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған әдістеме оқу сауаттылығын қалыптастырудың әмбебап заңдылықтарына сүйенеді. Атап айтқанда, оқытудың кезеңділігі, мәтінді семантикалық тұрғыдан қабылдаудың басымдығы және оқудың ойлаудың дамуымен байланысы айқын көрінеді. Бұл жүйеде фонетикалық, семантикалық және когнитивтік тәсілдердің элементтері өзара ұштасып, оны оқуды оқытудың жетекші әлемдік теорияларымен типологиялық тұрғыдан жақындатады.

Осылайша, ғалымның педагогикалық мұрасын оқу ұлттық моделі ретінде ғана емес, әлемдік білім беру теорияларымен салыстыруға болатын әмбебап әдістемелік жүйе ретінде қарастыруға болады. Мұнда оқудың табиғаты мен мәтіннің тұлғалық даму үдерісіндегі рөлі туралы көзқарастар педагогикалық ғылымның жалпы даму тенденцияларына сәйкес келеді және қазіргі білім беру жағдайында өзектілігін сақтайды. Білім беру мақсаттарын трансформациялау және білімді игеруден әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға баса назар аудару жағдайында ұлттық педагогикалық жүйелердің әдіснамалық негіздерін талдау ерекше маңызға ие. Осы тұрғыда бұл мұра тарихи құбылыс қана емес, білім алушылардың семантикалық ойлауын дамытуға бағытталған тұрақты дидактикалық модель ретінде айқындалады.

Аталған тәсілдің принциптік ерекшелігі – тұлғаның зияткерлік дамуының жетекші тетігі ретінде мағыналы оқуға бағдарлануы. Әдістемеді оқу оқшау дағды ретінде емес, аналитикалық ойлауды, тілдік рефлексияны және ақпаратты интерпретациялау қабілетін қалыптастыратын интегративті үдеріс ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным оқырмандық сауаттылықты метапәндік құзыреттілік ретінде түсіндіретін қазіргі ғылыми көзқарастармен толық сәйкес келеді.

Жүйенің ішкі логикасының бірізділігі мен педагогикалық тұтастығы оны оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әмбебап құралы ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Жекелеген дағдыларды дамытуға бағытталған фрагментарлық әдістемелерден айырмашылығы, ұсынылып отырған модель білім алушылардың тілдік және когнитивтік қабілеттерін үйлесімді дамытуға жағдай жасайды, бұл жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында ерекше өзекті.

Бұл әдістеменің маңызды қырларының бірі – оның бейімделгіштік әлеуеті. Негізге алынған бірізділік, мағыналылық және жас ерекшеліктерін ескеру қағидаттары аталған

идеяларды қазіргі білім беру форматтарына, соның ішінде цифрлық және аралас оқыту модельдеріне кіріктіруге мүмкіндік береді. Ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен мәтінмен өз бетінше жұмыс істеудің рөлі артқан жағдайда мұндай тәсілдің практикалық маңызы арта түседі.

Сонымен қатар, бұл педагогикалық тұжырымдар мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесі үшін де елеулі әлеуетке ие. Оқу үдерісін ұйымдастырушы әрі мәтін мен білім алушы арасындағы делдал ретіндегі мұғалім рөлі қазіргі педагогикалық құзыреттілік пен әдістемелік рефлексия талаптарына толық сәйкес келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын болашақ мұғалімдердің әдістемелік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негізі ретінде қарастыру орынды.

Қорытындылай келе, бұл педагогикалық жүйе оқуға үйретудің жекелеген тәсілдерін сипаттаумен шектелмей, қазіргі білім беру үшін әдіснамалық бағдар мәніне ие. Ұсынылған идеялар білім беру парадигмаларының өзгеруі жағдайында өзектілігін сақтап, оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру теориясы мен практикасын одан әрі дамытуға негіз бола алады.

Зерттеудің шектеулері оның пәндік және әдіснамалық аясымен байланысты. Жұмыста оқырмандық сауаттылықты сандық тұрғыдан бағалау мәселелері қарастырылған жоқ және айқындалған әдістемелік қағидаттардың мектеп тәжірибесі жағдайындағы тиімділігі эксперименттік жолмен тексерілмеді. Талдау Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларын теориялық және салыстырмалы тұрғыдан пайымдауға негізделген, сондықтан алынған қорытындылар интерпретациялық сипатқа ие. Болашақ зерттеулерде алынған тұжырымдарды бастауыш білім беру жүйесінде эмпирикалық апробациялау көзделуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы қазақ тілін оқытудағы оқу сауаттылығы теориясының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Оның еңбектерінде жүйеленген дыбыстық әдіс, мәтін арқылы оқыту және жас ерекшелігіне сай материал беру принциптері оқушының оқу дағдыларын кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған кешенді әдістемелік жүйе болып табылады. Бұл қағидалар оқу әрекетін дыбыс–буын–сөз–мәтін–мағына деңгейлерімен бірізді меңгертуді қамтамасыз етеді және қазіргі педагогикалық теорияларда басымдық берілетін фонетикалық жүйелілік, түсініп оқу, когнитивтік даму және логикалық ойлауды қалыптастырумен толық үндеседі.

Байтұрсынұлының әдістемелік ұстанымдары қазіргі білім беру реформаларында белгіленген талаптармен де үйлеседі. PISA, PIRLS сияқты халықаралық зерттеулер оқу сауаттылығын оқушының мәтінді түсіну, ақпаратты өңдеу және қолдану қабілеті арқылы бағалайды. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның мағыналық оқу мен мәтінді талдауды негізгі оқу әрекеті ретінде қарастыруы — қазіргі функционалдық сауаттылық тұжырымдамасының ғылыми бастауымен сәйкес келеді. Дыбыстық әдістің phonics технологияларымен, ал мәтіндік оқытудың түсініп оқу стратегияларымен тығыз байланысы оның педагогикалық идеяларының заманауи білім талаптарына бейімделгіш екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, жас ерекшелігіне сай оқыту, оқу материалын қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен ұсыну, мәтіндік талдауды когнитивтік дағдыларды дамыту құралы ретінде қолдану сияқты қағидалар бүгінгі жаңартылған оқу бағдарламасындағы спиральді оқыту құрылымымен және оқу мақсаттарының жүйесімен тікелей сабақтас. Оқушының оқу мотивациясын арттыру, белсенді оқу ортасын қалыптастыру және оқылым дағдыларын кешенді дамыту — Байтұрсынұлы ұсынған әдістемелік жүйенің қазіргі форматта жаңа технологиялар арқылы жалғасуы.

Жалпы алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының оқу сауаттылығына қатысты әдістемелері қазіргі білім беру үдерісінде өзектілігін жоғалтпай, қайта жаңа ғылыми-әдістемелік концепциялармен ұштасып, ұлттық білім жүйесінің тұрақты дамуына қызмет етіп отыр. Оның педагогикалық мұрасы — қазақ тілін оқытудың ғылыми негізі әрі қазіргі функционалдық сауаттылықты дамыту стратегиясының теориялық өзегі. Сондықтан Байтұрсынұлы

әдістемесін терең зерделеу және оны бүгінгі оқу тәжірибесінде тиімді қолдану — білім сапасын арттырудың маңызды бағыты болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шарипова К. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұраларының теориялық негізі [Мәтін] / К. Шарипова // ОҚМПУ хабаршысы. – 2021. – № 1 (27). – Б. 38–45. – <https://doi.org/10.47751/skspu-1937-0025>.
- 2 Ерімбетова А. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі [Электрондық ресурс] / А. Ерімбетова // Educational Sciences Index. – URL: <https://eduindex.kz/methodical-articles/511-ahmet-bajtrsynlyny-aza-tilin-oytu-distemesine-osan-lesi.html> (жүгінген күні 08.09.2025).
- 3 Мамырбек Г. Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесі» [Электрондық ресурс] / Г. Мамырбек // Abai.kz ақпараттық порталы. – 30.09.2019. – URL: <https://abai.kz/post/98357> (жүгінген күні 08.09.2025).
- 4 Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912. – 40 б.
- 5 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал [Электрондық ресурс] / А. Байтұрсынұлы ; құраст. Е. Тілешов. – Астана : «Сардар», 2009. – 348 б. – URL: https://www.soyle.kz/upload/orig/article/945831_1429633719.pdf (жүгінген күні 10.09.2025).
- 6 Байтенова Қ., Мамырбек Г. Байтұрсынұлының әдістемесі [Электрондық ресурс] // Egemen Qazaqstan (Egemen.kz). – 14.02.2022. – URL: <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi> (жүгінген күні 08.07.2025).
- 7 Дарибаева Т. С. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тілді оқыту мәселесі [Мәтін] / Т.С. Дарибаева // А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Рухани көсем, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және қоғамдық – саяси қызметі» атты жас ғалымдар мен студенттердің III республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Алматы, 2022. – Б. 48–51.
- 8 Rasinski T., Padak N. From Phonics to Fluency: Effective Teaching of Decoding and Reading Fluency in the Elementary School [Text] / T. Rasinski, N. Padak. – Boston : Pearson, 2012. – 322 p.
- 9 Snow C.E. Reading comprehension: Reading for learning [Text] / C.E. Snow // International Encyclopedia of Education / Eds. B. McGaw, P. Peterson, E. Baker. – 3rd ed. – Vol. 5. – Oxford : Elsevier, 2010. – P. 413–418. - DOI:10.1016/B978-0-08-044894-7.00511-X
- 10 Bruner J. Toward a Theory of Instruction [Text] / J. Bruner. – Cambridge : Harvard University Press, 1966. – 176 p.
- 11 Мұхамбеткереева Г.І. Ахмет Байтұрсынұлы «Баяншы» еңбегіндегі қазақ тілін оқытудың әдістемелік негізі [Текст] / Г.І. Мұхамбеткереева // Байтұрсын оқулары. – Қостанай, 2025. – Б. 61-63.
- 12 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020–2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары [Электрондық ресурс] / ҚР БҒМ. – Астана, 2020. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/120909?utm_source (жүгінген күні 15.09.2025).
- 13 OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do [Electronic resources] / OECD. – Paris : OECD Publishing, 2018. – <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en> (accessed 13.10.2025).
- 14 Mullis IVS, von Davier M, Foy P, Fishbein B, Reynolds KA, Wry E. PIRLS 2021 International Results in Reading [Electronic resources] / IVS Mullis, M von Davier, P Foy, B Fishbein, KA Reynolds, E Wry. – Amsterdam : IEA – TIMSS & PIRLS International Study Center, 2023. – URL: <https://doi.org/10.6017/lse.tpisc.tr2103.kb5342> (accessed 15.10.2025).
- 15 Қыйлыбай Д. Б., Бейсекеева А. Т. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту [Текст] / Д.Б. Қыйлыбай, А.Т. Бейсекеева // Мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру теориясы мен практикасы: Респ. ғыл.-тәжір. конф. Материалдар жин. (27 наурыз 2023 ж.). – 2023. – Б. 496-498.

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

Способы формирования читательской грамотности в трудах Ахмета Байтурсынулы и их взаимосвязь с современной учебной программой

Ж.Д. Калыбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050040, Казахстан

В данной статье историко-педагогически анализируется методическая система Ахмета Байтурсынулы, направленная на формирование читательской грамотности, и определяется её научно-методическая преемственность с современными учебными программами начального образования. Усиление требований к развитию читательской грамотности в современной системе образования определяет актуальность данной проблемы. В ходе исследования рассмотрены основные педагогические принципы учёного, представленные в его трудах «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Баяныш», такие как звуковой метод, послоговое обучение, освоение текста на смысловом уровне, а также поэтапное усложнение учебного материала с учётом возрастных особенностей учащихся.

Модель обучения, основанная на предложенных Байтурсынулы ступенях звук–слог–слово–текст–смысл, сопоставлена с современными фонетическими методами обучения чтению (phonics), стратегиями осознанного чтения и международными стандартами, направленными на развитие функциональной грамотности (PISA, PIRLS). В статье также проанализирована взаимосвязь принципов организации заданий по возрастным особенностям, текстового анализа, развития логического мышления и комплексного формирования языковых навыков со структурой обновлённых учебных программ и их спиральным подходом.

В исследовании использованы методы историко-педагогического анализа, сравнительного анализа, контент-анализа и научной систематизации, которые позволили научно обосновать значимость и эффективность методического наследия Ахмета Байтурсынулы в современной образовательной практике.

Результаты исследования подтверждают, что взгляды Ахмета Байтурсынулы на формирование читательской грамотности полностью соответствуют современным педагогическим требованиям, а его труды являются одной из теоретических основ современных учебных программ начального образования, направленных на развитие функциональной грамотности. Полученные выводы могут быть использованы в методической подготовке учителей начальных классов и в процессе совершенствования учебных программ.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы, читательская грамотность, звуковой метод, обучение через текст, начальная школа, функциональная грамотность, педагогическое наследие.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Шарипова К. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұраларының теориялық негізі [Мәтін] / К. Шарипова // ОҚМПУ хабаршысы. – 2021. – № 1 (27). – Б. 38–45. – <https://doi.org/10.47751/skspu-1937-0025>.
- 2 Ерімбетова А. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі [Электрондық ресурс] / А. Ерімбетова // Educational Sciences Index. – URL: <https://eduindex.kz/methodical-articles/511-ahmet-bajtrsynlyny-aza-tilin-oytu-distemesine-osan-lesi.html> (жүгінген күні 08.09.2025).
- 3 Мамырбек Г. Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесі» [Электрондық ресурс] / Г. Мамырбек // Abai.kz ақпараттық порталы. – 30.09.2019. – URL: <https://abai.kz/post/98357> (жүгінген күні 08.09.2025).
- 4 Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912. – 40 б.

- 5 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал [Электрондық ресурс] / А. Байтұрсынұлы ; құраст. Е. Тілешов. – Астана : «Сардар», 2009. – 348 б. – URL: https://www.soyle.kz/upload/orig/article/945831_1429633719.pdf (жүгінгенкүні10.09.2025).
- 6 Байтенова Қ., Мамырбек Г. Байтұрсыновтың әдістемесі [Электрондық ресурс] // Egemen Qazaqstan (Egemen.kz). – 14.02.2022. – URL: <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi> (жүгінгенкүні08.07.2025).
- 7 Дарибаева Т. С. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тілді оқыту мәселесі [Мәтін] / Т.С. Дарибаева //А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Рухани көсем, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және қоғамдық – саяси қызметі» атты жас ғалымдар мен студенттердің III республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Алматы, 2022. – Б. 48–51.
- 8 Rasinski T., Padak N. From Phonics to Fluency: Effective Teaching of Decoding and Reading Fluency in the Elementary School [Text] / T. Rasinski, N. Padak. – Boston : Pearson, 2012. – 322 p.
- 9 Snow C.E. Reading comprehension: Reading for learning [Text] / C.E. Snow // International Encyclopedia of Education / Eds. V. McGaw, P. Peterson, E. Baker. – 3rd ed. – Vol. 5. – Oxford : Elsevier, 2010. – P. 413–418. - DOI:10.1016/B978-0-08-044894-7.00511-X
- 10 Bruner J. Toward a Theory of Instruction [Text] / J. Bruner. – Cambridge : Harvard University Press, 1966. – 176 p.
- 11 Мұхамбеткереева Г.І. Ахмет Байтұрсынұлы «Баяншы» еңбегіндегі қазақ тілін оқытудың әдістемелік негізі [Текст] / Г.І. Мұхамбеткереева // Байтұрсын оқулары. – Қостанай, 2025. – Б. 61-63.
- 12 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020–2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары [Электрондық ресурс] / ҚР БҒМ. – Astana, 2020. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/120909?utm_source (жүгінгенкүні 15.09.2025).
- 13 OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do [Electronic resources] / OECD. – Paris : OECD Publishing, 2018. – <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en> (accessed 13.10.2025).
- 14 Mullis IVS, von Davier M, Foy P, Fishbein B, Reynolds KA, Wry E. PIRLS 2021 International Results in Reading [Electronic resources] / IVS Mullis, M von Davier, P Foy, B Fishbein, KA Reynolds, E Wry. – Amsterdam : IEA – TIMSS & PIRLS International Study Center, 2023. – URL: <https://doi.org/10.6017/lse.tpisc.tr2103.kb5342> (accessed 15.10.2025).
- 15 Қыйлыбай Д. Б., Бейсекеева А. Т. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту [Текст] / Д.Б. Қыйлыбай, А.Т. Бейсекеева // Мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру теориясы мен практикасы: Респ. ғыл.-тәжір. конф. Материалдар жин. (27 наурыз 2023 ж.). – 2023. – Б. 496-498.

Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

Methods of developing reading literacy in the works of Akhmet Baitursynuly and their connection with the modern curriculum

Zh. Kalybayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Kazakhstan

This article provides a historical and pedagogical analysis of Akhmet Baitursynuly's methodological system aimed at developing reading literacy and identifies its scientific and methodological continuity with modern primary education curricula. The increasing demands for the development of reading literacy in the modern education system determine the relevance of this issue. The study examines the key pedagogical principles presented in Baitursynuly's works "Älippe," "Oqu quraly," "Til-qural," and "Bayanshy", including the phonetic method, syllabic reading, semantic-level text comprehension, and the gradual complication of learning materials according to students' age characteristics.

The instructional model based on the stages proposed by Baitursynuly—sound—syllable—word—text—meaning—is compared with contemporary phonics-based reading methods, strategies of reading comprehension, and international frameworks aimed at developing functional literacy (PISA, PIRLS). The article also analyzes the relationship between age-appropriate task design, text analysis, development of logical thinking, and the integrated formation of language skills with the structure of the updated curriculum and its spiral approach.

The study employs historical-pedagogical analysis, comparative analysis, content analysis, and scientific systematization, which made it possible to substantiate the relevance and effectiveness of Baitursynuly’s methodological heritage in modern educational practice.

The results demonstrate that Akhmet Baitursynuly’s views on reading literacy fully correspond to current pedagogical requirements, and his works constitute one of the theoretical foundations of modern primary education curricula aimed at developing functional literacy. The obtained conclusions can be applied in the methodological training of primary school teachers and in the process of improving educational curricula.

Key words: Akhmet Baitursynuly, reading literacy, phonetic method, text-based learning, primary school, functional literacy, pedagogical heritage.

REFERENCES

- 1 Sharipova K. Akhmet Baitursynulynyn gylimi-adistemelik muralarynyn teoriyalyk negizi [The theoretical foundations of Akhmet Baitursynuly’s scientific and methodological heritage]. OQMPU khabarshysy, 2021, vol. 27, no. 1, pp. 38–45. <https://doi.org/10.47751/skspu-1937-0025>. (In Kazakh)
- 2 Erimbetova A. Akhmet Baitursynulynyn qazaq tilin oqytu adistemesine qosqan ulesi [Contribution of Akhmet Baitursynuly to the methodology of teaching the Kazakh language]. Educational Sciences Index. Available at: <https://eduindex.kz/methodical-articles/511-ahmet-bajtrsynlynny-aza-tilin-oytu-distemesine-osan-lesi.html> (accessed 08.09.2025). (In Kazakh)
- 3 Mamyrbek G. Ahmet Baitursynulynyn “Alıppesi” [“Alippe” of Akhmet Baitursynuly]. Abai.kz aqparattyq portaly. Published 30 September 2019. Available at: <https://abai.kz/post/98357> (accessed 08.09.2025). (In Kazakh)
- 4 Baitursynuly A. Oqu quraly. Orynbor, 1912. – 40 p.
- 5 Baitursynuly A. Til – qural [Language Tool (Foundations of the Kazakh Language)]. Compiled by E. Tileshov. Astana: Sardar; 2009. 348 p. Available at: https://www.soyle.kz/upload/orig/article/945831_1429633719.pdf (accessed 10.09.2025). (In Kazakh)
- 6 Baitenova Q., Mamyrbek G. Baitursynovtynh adistemesi [The methodology of Baitursynov]. Egemen Qazaqstan (Egemen.kz), 14 February 2022. Available at: <https://egemen.kz/article/304141-baitursynovtynh-adistemesi> (accessed 08.07.2025). (In Kazakh)
- 7 Daribaeva T.S. A. Baitursynuly enbekterindegi tildi oqytu maselesi [Issues of language teaching in the works of A. Baitursynov]. In: Spiritual leader, scholar Akhmet Baitursynov: scientific heritage and socio-political activity. Proceedings of the 3rd Republican Scientific and Practical Conference of Young Scholars and Students. Almaty; 2022. p. 48–51.
- 8 Rasinski T, Padak N. From Phonics to Fluency: Effective Teaching of Decoding and Reading Fluency in the Elementary School. 3rd ed. Pearson, 2012. 322 p.
- 9 Snow C. E. Reading comprehension: Reading for learning. In: McGaw B, Peterson P, Baker E, editors. International Encyclopedia of Education. 3rd ed. Vol. 5. Oxford: Elsevier; 2010. p. 413–418. doi: 10.1016/B9780080448947.00511X
- 10 Bruner J. Toward a Theory of Instruction. Cambridge: Harvard University Press; 1966. 176 p.
- 11 Mukhametkereeva G. I. Ahmet Baitursynuly “Bayanshy” enbekindegi kazakh tilin okytudyn metodikalik negizi [Methodological basis of teaching Kazakh language in Ahmet Baitursynuly’s “Bayanshy”]. Baitursyn Okulary. Kostanay; 2025. p. 61–63.

12 Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Strategic plan for 2020–2024 [Electronic resource]. Astana, 2020. Available at: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/120909?utm_source (accessed 15.09.2025). (in Kaz.)

13 OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do [Internet]. Paris: OECD Publishing; 2018. Available from: <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en> (accessed 15 Dec 2025). [in Eng.].

14 Mullis IVS, von Davier M, Foy P, Fishbein B, Reynolds KA, Wry E. PIRLS 2021 International Results in Reading. IEA – TIMSS & PIRLS International Study Center; 2023. doi:10.6017/lse.tpisc.tr2103.kb5342

15 Qylybai D.B., Beisekeeva A.T. Qazaq tili sabaktarynda oqyshylardyń funksionaldyq sawattylygyny damytu [Development of students' functional literacy in Kazakh language lessons] / DB Qylybai, AT Beisekeeva // Mektepte bilim alushylardyń funksionaldyq sawattylygyny qalpyta staw teoriiasy men praktikasy: Resp. gyl.-tajir. konf. materialdar zhyn. (27 naýryz 2023 zh.). – 2023. – p. 496–498. (in Kaz)

Received: 29.12.2025

FTAMP 13.00.08

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp312-325](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp312-325)

Ж.С. Таласпаева¹, Ж.А. Мұхатаева¹, Ж.Ж. Құлжанова¹

¹М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, 150000, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АЙТЫС ЖАНРЫН МЕҢГЕРТУ

Мақалада айтыстың XVIII ғасырдағы бастауынан XXI ғасырдағы жаңғыруына дейінгі кезеңдері қарастырылып, әр дәуірдің көрнекті өкілдері мен олардың шығармашылық үлесі сипатталады. Мақаланың мақсаты - оқушыларға музыкалық білім беру барысында айтыс жанрын тиімді меңгертудің ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау, айтыс өнерінің тәрбиелік, танымдық және шығармашылық әлеуетін оқу процесінде қолданудың жолдарын көрсету. Мақалада қазіргі айтыс өнерінің жағдайы мен оның жастар арасындағы жалғастығы зерделенеді. Айтыс өнерінің тәрбиелік, танымдық және эстетикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Айтыс жанрын музыка сабағында қолданудың әдіс-тәсілдері жүйеленіп, оқушылардың ұлттық сана-сезімін, шығармашылық қабілетін және тілдік мәдениетін қалыптастыру жолдары көрсетіледі. Сондай-ақ Солтүстік Қазақстан өңіріндегі айтыстың тарихи даму ерекшеліктері сипатталады. Мақалада айтысты бастауыш және орта сынып оқушыларына музыкалық білім беру жүйесінде меңгертудің тиімді жолдары ұсынылады. Зерттеу барысында қолданылған тыңдату, рөлдік ойын, домбырамен сүйемелдеу және мәтінмен жұмыс істеу әдістері оқушылардың бірнеше бағыттағы қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағытта авторлар бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді.

Кілт сөздер: айтыс өнері, мәдени мұра, суырыпсалмалық, салт-дәстүр, музыкалық білім, ұлттық құндылық, оқыту әдістері, шығармашылық қабілет

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Айтыс – қазақ фольклорының көркемдік биігін көрсететін синкретті жанр ретінде көптеген ғылыми еңбектерде кеңінен сипатталған. Айтыс жанрының ғылыми негізде қарастырылуы қазақ әдебиеттануы мен этнографиясының алғашқы классиктері еңбектерінде кеңінен орын алған. Шоқан Уәлиханов өзінің этнографиялық еңбектерінде айтысты қазақ